

**«City Transportation Systems»
ЖШС Басқарма төрағасының
2023 жылғы «__» _____
№__ бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ**

**«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін
мүліктік жалға (жалдауға) беру жөніндегі конкурстың
КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫ**

**Конкурсты ұйымдастырушы: «City Transportation Systems» ЖШС
Тұрақ кеңістіктерін басқару департаменті**

**Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат**

**Конкурстық комиссияның хатшысы: Қали Ә.М.
Байланыс телефоны: +7 (705) 616 56 99
E-mail: a.kaly@cts.gov.kz**

Астана қ., 2023 жыл

1. Конкурс объектілерінің қысқаша сипаттамасы:

Конкурсқа қойылған лот саны: 1 лот.

№	Объектілердің атауы
1.	Достық көшесі 13, «Нұрсая-2» ТК мекенжайындағы 313 тұрақ орнына арналған паркинг;
2.	Р. Қошқарбаев даңғылы 60 мекенжайындағы 125 тұрақ орнына арналған паркинг;
	Барлығы 438 тұрақ орны

Жоғарыда аталған объектілердің нысаналы мақсаты – ақылы негізде автомобильдерді тұраққа қою (тұрақ). Толығырақ ақпаратты конкурстық құжаттаманың 1-қосымшасынан білуге болады.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі мен орны.

Өтінімдер 2023 жылғы 27 ақпанда сағат 12-ден 2023 жылғы 9 наурызда сағат 16:00-ге дейін Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат мекенжайы бойынша қабылданады.

3. Конкурсты өткізу күні, уақыты және орны (қатысушылар ұсынған конверттерді ашу): 2023 жылғы 10 наурызда 11 сағат 00 минут: Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат мекенжайы бойынша.

4. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Осы конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінім;

5. Конкурсқа қатысуға өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар:

Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелу үшін конкурсқа қатысушының уәкілетті өкілі қол қойған конкурстық құжаттамада белгіленген нысан бойынша хабарландыруда көрсетілген Серіктестіктің мекенжайы бойынша конкурсқа қатысуға өтінім жіберу қажет.

Конкурсқа қатысушының өтінімі конкурстық құжаттамада көрсетілген конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, конкурстық шарттармен келісімді және баға ұсынысын қамтуы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Өтінімді, баға ұсынысын және құжаттардың қоса берілген көшірмелерін Серіктестік конкурсқа қатысушының мөрімен (бар болса) бекітілген мөрленген конвертте қабылдайды.

Қатысушының мөрімен бекітілмеген және мөрленбеген конверттерде ұсынылған өтінімдер мен оларға қоса берілетін құжаттар қабылданбайды.

Құжаттар нөмірленуі, тігілуі, конкурсқа қатысушының мөрімен бекітілуі және қатысушы не уәкілетті тұлға қол қоюы тиіс.

Осы хабарландыруда және «City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру қағидаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға өтінімдер мен оған қоса берілетін құжаттар ашу кезінде қабылданбауға жатады және конкурсқа қатыспайды.

6. Конкурсты өткізу шарттары мен тәртібі.

Конкурсты өткізу шарттары мен тәртібі «City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру қағидаларымен регламенттелген. «City Transportation Systems» жылжымайтын мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру қағидаларымен Серіктестіктің интернет-ресурсында танысуға болады.

7. Мүліктік жалға беру (жалдау) мерзімі:

Тараптар мүлікті қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап 11 (он бір) ай. Өз міндеттерін тиісінше орындаған Жалға алушының жылжымайтын мүлікті жалдау шартының мерзімі аяқталғаннан кейін жаңа мерзімге шарт жасасуға басым құқығы болады.

Жалға берушінің өз қалауы бойынша Шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға және Объектілерді жалға беруге бастамашылық жасауға құқығы бар

8. Жалдау ақысының бастапқы бағасының мөлшері:

ҚҚС есепке алмағанда 2 808 983 (екі миллион сегіз жүз сегіз мың тоғыз жүз сексен үш) теңге.

Жалдау ақысының бастапқы бағасының мөлшері бір лоттағы екі объектінің жиынтығынан қалыптасады. Конкурсқа қатысушы жалдау ақысының өз мөлшерлемесін бірыңғай сомамен ұсынуы тиіс.

Егер компания ҚҚС төлеуші болса, конкурсқа қатысушы ҚҚС-ты ескере отырып, жалдау ақысының мөлшерлемесін ұсынуы тиіс, бірақ бұл ретте бастапқы баға ҚҚС-ты есептеуді есепке алмайды.

Конкурс жеңімпазымен шартқа қол қойған кезде жалдау ақысы мөлшерлемесінің сомасына ҚҚС (ол жалдау ақысының мөлшерлемесінде болмаған жағдайда) есептеледі.

9. Жалдау төлемінің кезеңділігі.

Жалға алушы жалдау ақысының сомасын Жалға берушіден төлем шотын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 100% мөлшерінде алдын ала төлем тәртібімен ай сайын төлейді. Объектілерді жалдаудың бірінші айы

үшін жылжымайтын мүлікті жалдау шарты бойынша жалдау ақысын төлеу Жалға алушы төлем шотын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

10. Конкурса қатысушыға қойылатын талаптар:

Конкурса қатысушы келесі жалпы талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1. Құқық қабілеттілігіне ие болу (құрылтай құжаттарының нотариалдық куәландырылған көшірмелерін ұсыну – жарғы, жалғыз акционердің (қатысушының) немесе акционерлердің (қатысушылардың) заңды тұлғаны құру және бірінші басшыны тағайындау туралы жалпы жиналысының хаттамасы, бірінші басшыға бұйрық, тіркелген заңды тұлға туралы анықтама, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік (бар болса), сенімхат, конкурстық өтінімге конкурса қатысушының өкілі қол қойған жағдайда.

2. Компанияның қызметі заңды тұлға тіркелген сәттен бастап кемінде 1 жыл.

3. Салық берешегінің болмауы (конкурстық өтінімді қабылдау күнінің алдындағы 3 жұмыс күнінен ерте болматын мерзімде берілген салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама).

4. Банкроттық не тарату рәсіміне жатпау, оның мүлкіне тыйым салынбауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмауы тиіс (конкурса қатысушының кепілдік-хаты).

5. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауы тиіс (Комиссия тексереді).

6. Борышкерлердің бірыңғай тізілімінде болмауы тиіс (Комиссия тексереді).

7. Ағымдағы конкурстық құжаттаманың 8-тармағына сәйкес ай сайынғы жалдау ақысының сомасы көрсетілген баға ұсынысы.

Конкурса қатысушы-Қазақстан Республикасының бейрезиденті оның жалпы және арнайы талаптарға сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері сияқты құжаттарды ұсынады.

Конкурса қатысушы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Арнайы талап:

Конкурса қатысушы Объектіні қабылдау-беру актісі бойынша Жалға берушіден Объектіні алған сәттен бастап 6 ай ішінде келесі техникалық мүмкіндіктері бар (олармен шектелмей) автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнату міндеттемесін өзіне қабылдайды:

- МТНБ (мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін) тану және тұрақ аймағына кіруді бақылау (қара және ақ тізімдер);

- тұрақ жабдығы мыналарды қамтуы тиіс (олармен шектелмей): шлагбаумдар жиынтығы, кіру станциясы, шығу станциясы, тұрақ жабдығының жұмысына арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда POS-жүйесі бар төлем терминалы, қажетті басқару блоктары

мен жиынтықтауыштары, автоматты қақпадағы фотоэлементтер, МТНБ тану жүйесі, диспетчермен байланыс жүйесі, электрондық таблода көрсете отырып бос орындар санын мониторингілеу жүйесі (100 тұрақ орнынан басталатын паркингтерде), операторды штаттан тыс жағдайлар туралы хабардар ету модулі;

- тұрақ жабдықтары мен оның бағдарламалық жасақтамасы өндіруші тарапынан ашық, сондай-ақ барлық жалға алынған Объектілер үшін бірдей (бірыңғай) және Жалға берушінің жүйелері мен сайттарына интеграциялану мүмкіндігі бар болуы тиіс;

- осы есептерді түсіру және жүйені талап ету бойынша Жалға берушінің платформасымен біріктіру мүмкіндігімен статистикалық және өзге де есептерді алу үшін Жалға берушінің уәкілетті өкілдері (қызметкерлері) үшін есептік жазбалардың болуы;

- Жалға берушінің талабы бойынша ақпараттық жүйеде тарифтерді өзгерту және көрсету мүмкіндігі (сағат бойынша, күн, түн, резерві/кестесі бар абонемент, аймақтар бойынша көп тарифтілік, айыппұлдар, жеңілдіктер жүйесі және т.б.);

- сақтау мерзімі кемінде 1 (бір) ай болатын бейне файлдарды көру және жазу үшін Жалға берушіге рұқсат бере отырып, әрбір паркингте жеке бейнебақылау жүйелерінің болуы;

Жалға алушы автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатқаннан кейін Жалға берушімен жылжымайтын мүлікті жалға беру (жалдау) шартының ажырамас бөлігі болып табылатын №5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жабдықты орнату және іске қосу актісіне қол қоюға міндетті.

Жылжымайтын мүлікті жалдау шарты кез келген негіз бойынша бұзылған жағдайда, Мүлікті иелену және пайдалану (жалға алу) кезінде Жалға алушы жүргізген барлық жақсартуларға меншік құқығы (оның ішінде бағдарламалық-аппараттық кешендерге, олардың жинақтауыштарына, шығыс материалдарына, бағдарламалық қамтамасыз етуге, ақпараттық жүйелерге айрықша құқықтар және т.б.) Жалға берушіге ауысады.

Жалға алушы Жылжымайтын мүлікті жалдау шартына қол қойылған күннен бастап және 5 жұмыс күні ішінде Жалдау шартының орындалуын қамтамасыз ету және Жалға алушы келтірген материалдық залалды өтеу ретінде бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде кепілдікті ақшалай жарна (депозит) енгізуге міндетті.

Жалға берушінің кепілдікті ақшалай жарнаны (депозитті) қайтаруы Жалға алушы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған және Жалға беруші тарапынан ескертулер болмаған жағдайда Шарт бұзылған кезден бастап 30 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жалға алушы Жылжымайтын мүлікті жалға беру (жалдау) шартында көзделген жабдықты орнату мерзімін бұзған жағдайда, Жалға алушы Жалға берушіге негізгі айлық жалдау төлемінен басқа, бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде айыппұл төлейді. Мерзім қайталанған және одан кейінгі әрбір бұзылған кезде айыппұл мөлшері екі есе артады. (Мерзімі өткен бірінші айда

– бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде, мерзімі өткен екінші айда – екі айлық жалдау ақысы мөлшерінде, мерзімі өткен үшінші айда – төрт айлық жалдау ақысы мөлшерінде және өсім бойынша).

Жалға алушы өзіне осы Шарт жасалған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде талап ету құқығын (цессияны) басқаға беру туралы шарт жасасуға және Жалға беруші тұрақ орындарын жалға алушылармен жасасқан қолданыстағы жалдау шарттарының талаптарын олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгертпеуге міндеттеме алады.

11. Конкурс объектілерімен танысу мерзімдері мен шарттары, мекенжайы.

Конкурсқа қатысушының жұмыс уақытында (күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін) жалға берушінің уәкілетті өкілінің қатысуымен Жалға берушінің интернет-ресурсында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап олардың орналасқан жері бойынша конкурс объектілерін қарауға және олармен танысуға құқығы бар.

Объектілермен олардың орналасқан жері бойынша танысу үшін қатысуға өтінімдерді (Қатысушылар ұсынған конверттерді) ашқанға дейін 3 тәуліктен кешіктірмей Конкурслық комиссияның хатшысына жүгіну қажет.

12. Жалға берушінің байланыс телефоны:

Конкурслық комиссияның хатшысы – Қали Ә.М.

Тел.: +7 7172 577 177 (ішкі н. 164).

Ұялы тел: +7 705 616 56 99

Электрондық пошта мекенжайы: a.kaly@cts.gov.kz

Объектілер туралы ақпарат

1. Астана қ., «Есіл» ауданы, Достық көшесі, 13-үй мекенжайы бойынша тұрақ орындары.

1.1. мүліктік жалға беру (жалдау) объектілері туралы мәліметтер:

р/с №	Мәліметтер	
1	Атауы	Тұрақ орындары
2	Қысқаша сипаттамасы (саны, өлшем бірлігі)	313 тұрақ орны, 1 деңгейлі
3	Орналасқан жері	Астана қ., «Есіл» ауданы, Достық көшесі, 13-үй
4	Нысаналы мақсаты	Ақылы негіздегі автомобильдерді тұраққа қою (тұрақ)
5	Мүліктік жалға (жалдауға) беру мерзімі	11 ай
6	Жылжымайтын мүлік бойынша:	
	құрылыс түрі (кеңсе, өндірістік, қойма, гараж, қазандық, спорт ғимараттары (стадиондар, спорт залдары, спорт алаңдары) және өзге де құрылыстар (құрылыстар));	Тұрғын үй кешені аумағындағы жеке құрылыс
	тұрғын емес үй-жайдың түрі (жеке тұрған құрылыс, кіріктірілген-жанастыра салынған бөлігі, жертөле (жартылай жертөле) бөлігі, жертөле бөлігі, басқасы (жабын, шатыр, тамбур, мансарда, лоджия, ашық спорт ғимараттары және басқалар));	Жерүсті паркингі
	инженерлік-техникалық құрылғылардың болуы не болмауы туралы (электр энергиясы, кәріз, сумен жабдықтау, жылыту);	Электр энергиясы, нөсерлі кәріз, сумен жабдықтау, орталық кәріз.

1.2. Объектіні (объектілерді) мүліктік жалға (жалдауға) берудің себептері, мақсаттары:

Серіктестіктің басқаруындағы тұрақ орындары мен паркингтердің пайдалылығын арттыру.

2. Астана қ., «Алматы» ауданы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 60-үй мекенжайы бойынша тұрақ орындары

2.1. мүліктік жалға беру (жалдау) объектілері туралы мәліметтер:

р/с №	Мәліметтер	
1	Атауы	Тұрақ орындары
2	Қысқаша сипаттамасы (саны, өлшем бірлігі)	125 тұрақ орны, 1 деңгейлі
3	Орналасқан жері	Астана қ., «Алматы» ауданы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 60-үй
4	Нысаналы мақсаты	Ақылы негіздегі автомобильдерді тұраққа қою (тұрақ)
5	Мүліктік жалға (жалдауға) беру мерзімі	11 ай
6	Жылжымайтын мүлік бойынша:	
	құрылыс түрі (кеңсе, өндірістік, қойма, гараж, қазандық, спорт ғимараттары (стадиондар, спорт залдары, спорт алаңдары) және өзге де құрылыстар (құрылыстар));	Көп пәтерлі тұрғын үй кешені
	тұрғын емес үй-жайдың түрі (жеке тұрған құрылыс, кіріктірілген-жанастыра салынған бөлігі, жертөле (жартылай жертөле) бөлігі, жертөле бөлігі, басқасы (жабын, шатыр, тамбур, мансарда, лоджия, ашық спорт ғимараттары және басқалар);	Кіріктірілген жерасты паркингі
	инженерлік-техникалық құрылыстардың болуы не болмауы туралы (электр энергиясы, кәріз, сумен жабдықтау, жылыту);	Электр энергиясы, орталық кәріз, нөсерлі кәріз, сумен жабдықтау.

Нысан

**«City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін
мүліктік жалға (жалдауға) беру жөніндегі конкурсқа қатысуға
ӨТІНІМ**

1. «City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы жарияланған хабарландыруды қарап және «City Transportation Systems» ЖШС жылжымайтын мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру қағидаларымен, конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптармен, жылжымайтын мүлікті жалдаудың үлгілік шартымен танысып,

(заңды тұлғаның атауы және заңды тұлға басшысының не сенімхат негізінде әрекет ететін оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) 2023 жылғы «10» наурызда өтетін конкурсқа қатысуға ниет білдіреді.

2. Конкурсқа қатысуға өтінім берілген мүліктік жалға беру (жалдау) объектілері туралы мәліметтер:

р/с №	Мүліктік жалға беру (жалдау) объектілерінің атауы	Тұрақ орындарының саны
1	Достық көшесі 13 мекенжайы бойынша паркингтегі тұрақ орындары	313
2	Р. Қошқарбаев даңғылы 60 мекенжайы бойынша паркингтегі тұрақ орындары	125
	Барлық тұрақ орны	438

3. Лот үшін ұсынылатын баға

4. Осы өтінім жылжымайтын мүлікті жалға беру (жалдау) шарты жасалғанға дейін қолданылатын объектіні (объектілерді) жалға беру (жалдау) ниеті күшіне ие.

5. Өзім туралы мәліметтерді ұсынамын (ұсынамыз):

Атауы _____

БСН _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

Мекенжайы _____

Телефон нөмірі _____

(факс): _____

Банктік деректемелері _____

ЖСК _____

БСК _____

Банк атауы _____

Кбе _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

(заңды тұлға басшысының не сенімхат негізінде әрекет ететін оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы).

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____.